

параметрлері бойынша тауарлардың әлемдік бағаны қолдану тәжірибесі, жалпы экологиялық ахуалдың төмендеп кетуі есепке алынбады.

1. *Бекяшев К.А.* Международное публичное право: учебник. – М., 2008. – 95 с.

2. *Бринчук М.М.* «Экологическое право (Право окружающей среды)». – М., 1998.

3. Соглашение о взаимодействии в области экологии и охраны окружающей природной среды, от 8 февраля 1992 года, статья 2

4. Материалы первой сессии МЭС СНГ. Минск 9-10 июля 1992. – Минск, 1992.

5. <http://www.cis.minsk.by/page.php?id=13834>

\* \* \*

В этой статье рассматриваются вопросы развития международного экологического сотрудничества стран-участниц СНГ и основные обязательства стран-участниц СНГ по Соглашению о взаимодействии в области экологии и охраны окружающей природной среды.

\* \* \*

This article is devoted to the issues of the international environmental cooperation development of CIS participant countries and the fundamental commitments of participant countries of CIS on the Agreement about cooperation in the sphere of ecology and environment.

**Е. Т. Бекбосынов**

## **ДІНИ ЭКСТРЕМИЗММЕН КҮРЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІН РЕТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУДЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ**

Ең алдымен ұлттық заңнамаларға талдаулар жасаудан бұрын, Шанхай конвенциясындағы «экстремизм» ұғымын қарастырып өтеміз. Олай етудің себебі, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ішінде, Қытай Халық Республикасы мен Өзбекстан Республикасынан басқа мемлекеттерде, яғни Ресей Федерациясында, Қазақстан, Қырғыз және Тәжікстан республикаларында экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы ұлттық заңнамалар «Лаңкестік, сепаратизм және экстремизммен күресу туралы» Шанхай конвенциясын негізге алып қабылданған десек артық болмас.

2001 жылдың 15 маусымында Шанхай қаласында қабылданған «Лаңкестік, сепаратизм және экстремизммен күресу туралы» Шанхай конвенциясында «экстремизм» ұғымына мынадай мазмұнда анықтама беріледі: «экстремизм – өкіметті зорлықпен басып алуға немесе зорлықпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын тікелей зорлықпен өзгертуге, қоғамдық қауіпсіздікке зорлықпен оқталуға бағытталған, сонымен бірге осы жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз әскери құралымдарды ұйымдастыру немесе оларға қатысу және Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес қылмыстық тәртіпте қудаланатын іс-әрекеттер» [1]. Бұл анықтама, біздіңше, халықаралық құқық пен ұлттық заңнамаларға, тіпті халықаралық-құқықтық талаптарға толық үйлеспейді, себебі, конвенцияның бұл анықтама-

сында тек өкіметке қарсы және мемлекеттің конституциялық құрылысын өзгертуге, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздікке қарсы бағытталатын саяси экстремистік іс-әрекеттер ғана қамтылған. Ал ұлттық, этникалық, діни және қылмыстық экстремистік іс-әрекеттер, сонымен бірге халықаралық сипаттағы объектілерге бағытталатын экстремистік іс-әрекеттер қамтылмаған. Демек, бұл анықтамаға толықтыру енгізу қажет деп есептейміз. Сол себептен осындай олқылықты толықтыру үшін мынандай жаңа редакциядағы анықтаманы ұсынамыз: экстремизм – Тараптар аумақтарында немесе олардың бірінде, осы тараптардың өкіметтерін немесе олардың бірін зорлықпен басып алуға немесе ұстап тұруға, конституциялық құрылыстарын заңсыз өзгертуге, халықаралық қатынастар пен қоғамдық қауіпсіздікті бұзуға, сондай-ақ халықаралық сипаттағы саяси, діни, ұлттық және қылмыстық экстремистік өшпенділік, араздық пен дұшпандықты қоздыруға бағытталған, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құру, ұйымдастыру немесе оларға қатысқандығы үшін Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес қылмыстық тәртіп жолымен қудаланатын халықаралық сипаттағы экстремистік іс-әрекеттер.

«Салыстырмалы құқықтану дегеніміз, шынында, тұтас теориялық бағыт (компаративизм) ... Салыстыру әдісі өзіне мынандай кезеңдерді қосып алады.

а) салыстырылатын институттарды жеке-жеке зерттеу, ә) табылған белгілерді салыстырғанда бір-бірінің ұқсастығы мен өзгешелігіне қарау, б) нәтижелерін бағалау...» [2].

Ең әуелі діни экстремизммен күресу мәселелерін реттеуге арналған шетел мемлекеттерінің заңнамаларын салыстырмалы-құқықтық негізде ғана қарастырып өтеміз.

Әуелі Ресей Федерациясының «Экстремистік іс-әрекеттерге қарсы іс-қимыл туралы» Федералдық заңдағы негізгі ұғымдарға талдаудан бастасак. Аталған заңда «экстремистік іс-әрекеттер (экстремизм)», «экстремистік ұйым», сондай-ақ экстремистік материалдар» [3] деген ұғымдар бар. Бірінші ұғымның анықтамасы жасалмаған. Тек экстремистік іс-әрекеттер қандай объектілерге бағытталатындығы баяндалады. Дегенмен, онда да кемшін тұстары бар. Атап айтқанда, экстремистік іс-әрекеттердің бір элементі ретінде «лаңкестікті жария түрде ақтау және өзге лаңкестік іс-әрекеттер» де танылады. Лаңкестік экстремизмнің ең шеткі көрінісі болғанымен, оның өзіндік ерекшеліктері бар. Демек, анықтамадан осы сөйлемнің алынып тасталғаны дұрыс. Осылайша жасаудың өзі лаңкестік пен экстремизмнің аражігін ажыратады, әрі тәжірибеде дұрыс құқық қолданушылық орын алады. Аталған сөйлемге ұқсастау мағынада болған сөйлемдер Беларусь Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» [4] заңында, Қырғыз Республикасының «Экстремистік іс-әрекеттерге қарсы іс-қимыл туралы» [5] заңында, Молдова Республикасының «Экстремистік іс-әрекеттерге қарсы іс-қимыл туралы» [6] заңында және Тәжікстан Республикасының «Экстремизммен күресу туралы» заңында [7] арнайы жазылған. Ал Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» [8] заңында «лаңкестік іс-әрекеттерді жүзеге асыру» деп жазылған сөйлем жоқ. Олай болса, онда не себептен аталған мемлекеттердің заңдарында «лаңкестік іс-әрекеттерді жүзеге асыру» деген сөйлемдер жазылған? Осы сөйлемнің аталмыш заңнамаларда болуының себебі, ТМД-на қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының қаулысы негізінде қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» [9] Модельдік заңының 1-бабындағы «экстремистік іс-әрекеттер» делінген ұғымға берілген анықтаманың негізінде бекітілген. Демек, осы модельдік заңнан алғандығы белгілі. Дегенмен, біздіңше, аталған сөйлемнің алынып тасталғаны дұрыс. Олай деп қорытынды жасау себебіміз: біріншіден – құқықтық тұрғыдан «экстремизм» мен

«лаңкестік» делінген ұғымдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ экстремистік бағыттардағы қылмыстардың және лаңкестік бағыттардағы қылмыстардың құқықтық айырмашылығы мен ерекшеліктері айқындалады, екіншіден – жоғарыда аталған мемлекеттердің «Экстремистік іс-әрекеттерге қарсы іс-қимыл туралы» заңдарында орын алған кемшілікті жояды, сондай-ақ оның әлеуетін көтереді, үшіншіден – аталған мемлекеттерде «Лаңкестікке қарсы күресу туралы» заңдар бар. Сондықтан да «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Модельдік заңы 1-бабы мен жоғарыда аталған мемлекеттердің заңнамалар мәтіндерінен «лаңкестікті жария ақтау және лаңкестік іс-әрекеттерге жария шақырулар» деп жазылған сөйлемнің алынып тасталғаны жөн.

Ресей ғалымдары С.В. Борисов пен А.В. Жеребченко «...экстремистік іс-әрекеттердің қылмыстық-құқықтық ұғымы өзінің көлемі мен мазмұнына сәйкес болуы қажет екендігін» [10, 42], яғни ғалымдардың экстремистік сипаттағы қылмыстарға жатқызылған түрлеріне [10, 31-35] сай болуын, сондықтан «Ресей Федерациясының «Экстремистік іс-әрекеттерге қарсы іс-қимыл туралы» заңының 1-бабында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты білдіретін іс-әрекеттердің алынып тасталуы жөн» [10, 42] деп есептейді. Бұл ғалымдардың «әкімшілік құқық бұзушылықты білдіретін іс-әрекеттерді алынып тасталуы» жөніндегі ұсыныстары қолдауға да тұрарлық. Дегенмен, олардың «экстремистік сипаттағы қылмыс түрлері» деп көрсеткендердің ішінен тек кейбір қылмыстарды экстремистік сипаттағы қылмыстарға жатқызуға болмайды. Атап айтқанда, «Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 205-бабы (лаңкестік акт), 205.1-бабы (лаңкестік іс-әрекеттерге көмектесушілік), 205.2-бабы (лаңкестік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға жария шақырулар немесе лаңкестікті жария түрде ақтау), 206-бабы (кепілдікке алу) және 211-бабын (әуе кемесін немесе су көлігін не теміржолдың жылжымалы құрамын алып қашу)» [11]. Аталған зерттеушілердің тұжырымымен келіспеу себебіміз: біріншіден – атаулары көрсетілген қылмыс түрлері тек қана лаңкестік сипаттағы қылмыстарға жатады, екіншіден – авторлар аталған қылмыстарды «экстремистік сипаттағы қылмыстарға» жатқызуының негізгі себебі, «экстремизм» делінген ұғымды «лаңкестік» деген ұғымнан кең мағынада болады деп түсінеді, үшіншіден – «экстремизм» және «лаңкестік» деген ұғымдардың өзара арақатынастарына, ерекшеліктері мен өзгешіліктеріне назар аудармаған.

Тәжікстан Республикасы 2003 жылдың 8 желтоқсанында «Экстремизммен күресу туралы» № 69 заңының 3-бабында «экстремизм» ұғымына берілген анықтаманың мазмұны мынандай: «экстремизм – бұл елдегі тұрақсыздыққа, конституциялық құрылысты өзгерту, өкіметті басып алу және оның құзыретін иемденуге, нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни дұшпандықты тұтандыруға шақыратын, ең шеткі қалыптағы іс-әрекеттерге итермелейтін, заңды және жеке тұлғалардың құбылыстары» (тәжік тілінен орыс тіліне аударылған) [7]. Бұл заңда экстремизмге анықтама жалпы мазмұнда берілген, яғни тек саяси, ұлттық және діни экстремизмнің кейбір элементтері ғана қамтылған. Әрине, экстремизмнің негізгі түрлері заңнамада жеке анықталуы тиіс. Сондай-ақ «тұтандыру» деген сөз, біздіңше, қолданылмағаны дұрыс.

Қазақстан Республикасының заңындағы «экстремизм» ұғымына берілген анықтаманың бір ерекшелігі де «саяси экстремизм», «ұлттық экстремизм» және «діни экстремизм» деп аталған ұғымдардың анықтамаларының болуы. Ал енді Тәжікстан Республикасы мен Қазақстан Республикаларының заңнамаларында «экстремизм» және «экстремистік іс-әрекеттер» делінген ұғымдардың анықтамалары бөлек берілсе, ал Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Молдова Республикасы және Беларусь Республикасының заңнамаларында аталған ұғымдар «экстремистік іс-әрекеттер (экстремизм)» делінген тәрізде, яғни бір ұғым ретінде бекітілген. Қазақстан Республикасының заңнамасында осы ұғымдар бөлектеу берілгенімен де, экстремизмге берілген анықтамада экстремистік мақсаттар көрсетілген. Осылай көрсетілуінің себебі: біріншіден – Қылмыстық кодексте саяси, ұлттық және діни экстремистік бағыттардағы іс-әрекеттердің, экстремизмнің қандай түріне жататындығын белгілеп алуына мүмкіншілік береді, екіншіден – көрсетілген бұл мақсаттар, аталған қылмыстардың субъективтік жағының қажетті белгілері екендігін білдіреді, үшіншіден – осы мақсаттар экстремистік іс-әрекеттердің қылмыстық заңмен қорғалатын қандай объектілерге бағытталатынын айқындап береді. Осы орайда маңызды ескеретін мынандай жағдай бар, яғни тек экстремистік идеологиялық құрал арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекеттерді қылмыс құрамының объективтік жағының факультативтік белгісі ретінде қарастыру керек. Ал Тәжікстан Республикасының заңында [7] «экстремизм» делінген ұғымның анықтама мәтінінде «...нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни дұшпандықты

тұтандыруға» деген сөйлем, ал, «экстремистік іс-әрекеттер» делінген ұғымның анықтамасындағы е) тармағында «зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты, сондай-ақ әлеуметтік алауыздықты қоздыру» деген сөйлемнің өзгешелігін көрсетеді. Беларусь Республикасының заңындағы экстремизм (экстремистік іс-әрекеттер) деген ұғымына берілген анықтамасында «тұтандыру» делінген сөз қолданылады. Ал енді Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Молдова Республикасының заңдарында «қоздыру» деген сөз қолданылады. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Модельдік заңындағы «экстремистік іс-әрекеттер» делінген ұғымға берілген анықтамада «тұтандыру» делінген сөз де қолданылады. Сонымен, біздіңше, «тұтандыру» деген сөзден гөрі, «қоздыру» делінген сөздің қолданылғаны дұрыс. Олай түйін жасау себебіміз: біріншіден – «тұтандыру» сөзі саяси-әлеуметтік мағынаны береді, екіншіден – бұл сөз «соғысты тұтандыру», «отты тұтандыру» және т.б. жерлерде қолданылады, үшіншіден – «қоздыру» сөзі саяси-құқықтық және әлеуметтік-психологиялық мағына ретінде, яғни әмбебап түрде қолданылады. Демек, аталмыш анықтамалардағы «тұтандыру» деген сөз алынып тасталуы тиіс.

Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Молдова Республикасының және Беларусь Республикасының заңнамаларында «экстремистік ұйым» делінген ұғымдар бір-біріне жақындау мағынада. Әсіресе, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясының заңдарындағы анықтамалар өте жақын мазмұнда. Дегенмен, бұл анықтамалардағы кемшіліктің бірі де, соттың шешіміне қатысты болып тұр. Ресей Федерациясының, Қырғыз Республикасының және Тәжікстан Республикасының заңдарындағы анықтамаларда «...экстремистік іс-әрекеттерді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе жою туралы сот шешімі» деген мағынадағы сөйлемдер жазылған. Ал енді Молдова Республикасының заңнамасында болса, «...тоқталуы немесе тоқтатыла тұруы...» деген сөйлем қолданылады. Сонымен қатар, Беларусь Республикасының заңында және Қазақстан Республикасының заңында «...экстремистік деп таныған...» делінген сөйлемдер қолданылған. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Модельдік заңында «экстремистік ұйым» делінген ұғымға берілген анықтамада «...экстремистік іс-әрекеттерді жүзеге асыруына

байланысты қызметіне тыйым салу немесе жою туралы сот шешімі» деген мағынадағы сөйлемдер бекітілген. Тек Беларусь Республикасының заңында «экстремистік ұйым» делінген ұғымға берілген анықтама мазмұнына «...лауазымды тұлға» делінген сөз қосылған. Біздіңше, бұл сөздің осы анықтамадан алынып тасталғаны дұрыс. Өйткені, қанша лауазымды тұлға болса да, оның «экстремистік ұйым» делінген ұғымға мазмұны жағынан еш қатысы да жоқ. Тәжікстан Республикасының заңында «экстремистік ұйым» деген ұғымының анықтамасы жоқ. Тек 12-бапта экстремистік іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін қоғамдық бірлестіктердің, діни және өзгедей коммерциялық емес ұйымдардың жауапкершілігі қарастырылады. Демек, «экстремистік ұйым» деп аталған ұғымдардың анықтамаларында тек «экстремистік деп таныған» деген сөйлемнің жазылғаны жөн. Олай деп түйін жасау себебіміз: біріншіден – осындай сөйлем сот шешімі заңды күшіне енгендігін білдіреді, екіншіден – «тыйым салу немесе жою» делінген сөйлем, «экстремистік деп таныған» соттың шешімі заңды күшіне енген соң, әрі қарай «экстремистік деп танылған ұйым» қызметіне тыйым салынғандығын, сондай-ақ ондай ұйым заңға сәйкес таратылатындығын да білдіреді, сондықтан бұл құқықтық шаралар сот шешімі заңды күшіне енген соң жүзеге асырылады, үшіншіден – Молдова Республикасы заңындағы «...тоқталуы немесе тоқтатыла тұрылуы...» деген сөйлем экстремистік бағыттардағы қылмыстар бойынша қолданылмайды, яғни тек азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша ғана қолданылады. Бір жағынан аталған сөйлемнің мәні «экстремистік ұйым» деген ұғымды айқындамайды, яғни қызметі тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған ұйым, егер ұйымның қызметінде экстремистік іс-әрекеттер заңды түрде еш дәлелденбесе немесе даулы болса, онда соттың тиісті шешімімен экстремистік ұйым деп танылмауы да мүмкін, әрі қарай тиісті қызметін жалғастыру мүмкіншіліктері болуы мүмкін.

Қазір ғылыми ортада пікір-талас тудырып жүрген «экстремистік ұйым» және «діни экстремистік ұйым» деген ұғымдарға ерекше тоқталып өтеміз. Өйткені, бұл ұғымдардың «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңдарға, сондай-ақ тәжірибелік тұрғыдан құқық қорғау органдарына, тіпті қоғамға аса қажет деген ойдамыз.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Модельдік заңының 1-бабында «экстремистік ұйым ретінде қоғамдық немесе діни бірлестік не өзге ұйымдар» белгіленеді. Дәл осы сияқты сөйлем

Қырғыз Республикасы заңының 1-бабында және Ресей Федерациясы заңының 1-бабында жазылған. Ал енді Молдова Республикасы заңының 1-бабында болса, аталған сөйлемге қосымша «бұқаралық ақпараттық құрал» деген сөйлем қосылған. Ал Қазақстан Республикасы заңының 1-бабында «экстремистік ұйым ретінде сот экстремистік деп таныған заңды тұлға, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі» қарастырылады. Тәжікстан Республикасы заңында «экстремистік ұйым ретінде қоғамдық бірлестік, діни не коммерциялық ұйым» белгіленген.

В. Тюниннің тұжырымы бойынша «экстремистік қауымдастық ұйымдасқан топтың түрі болып табылады» [12]. П.В. Агапов осыған ұқсас тұжырым жасаған [13]. Ал С.В. Борисов пен А.В. Жеребченко «экстремистік қауымдастықты» «қылмыстық қауымдастықтан (қылмыстық ұйымнан)», сондай-ақ «бандитизмнен» ажыратылуы қажет» [10, 261] деп есептейді. В. Кашеповтің тұжырымы бойынша «экстремистік қауымдастықты» «қылмыстық қауымдастықтан» мынандай айырушы белгілерімен ажыратуға болады: «1) экстремистік қауымдастық берік болуы керек, яғни құрылымдығы емес, өйткені, ол тек қылмыстық қауымдастыққа (қылмыстық ұйымға) ғана тән; 2) экстремистік қауымдастық түрлі ауырлау қылмыстарды жасау үшін құрылады және әрекет етеді, ал, қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) болса, тек қана ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасайды» [14]. Осы орайда С.В. Борисов пен А.В. Жеребченко осы тұжырымға қосымша ретінде мынандай тағы бір айырушы белгісін де қосады: «экстремистік қауымдастықпен дайындалған және жүзеге асырылған қылмыстардың мотивтері...» [10, 261]. Осы авторлар «экстремистік қауымдастық – бұл идеологиялық, нәсілдік, ұлттық немесе діни жеккөрушілік не дұшпандық мотивтері бойынша, сондай-ақ қандай да бір әлеуметтік топқа (экстремистік бағыттардағы қылмыстар) қатысты жеккөрушілік не дұшпандық мотивтер бойынша қылмыстарды дайындауға немесе жүзеге асыруы үшін құрылған және әрекет ететін ұйымдасқан топ» [10, 196] делінген анықтама береді. Сонымен қатар, аталмыш авторлар «экстремистік ұйым ретінде экстремизмге қатысты болған іс-әрекеттерді жүзеге асыруына байланысты жою немесе қызметіне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот қабылдаған шешімге қатысы бар қоғамдық немесе діни бірлестік не өзге ұйым болып табылады» [10, 204] деген анықтама береді. Авторлар жасаған екі анықтама мазмұнынан байқалғандай, «экстремистік қауымдастық» іс-әрекеттері экстремистік бағыттардағы қылмыс-тарды жасауға бағытталады, ал экстремистік ұйымның іс-әрекеттері экстремизмге

қатысты қылмыстарға ғана бағытталады. Сонымен, С.В. Борисов пен А.В. Жеребченконың тұжырымдарымен келісеміз.

Беларусь Республикасы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңының 1-бабында «экстремистік материалдар – соттың шешімімен экстремистік деп танылған және тарату үшін арналған немесе кез келген жолмен таратылған, осындай іс-әрекеттерді үгіттейтін, экстремистік іс-әрекеттерге шақыру мазмұны бар, ақпараттық өнім» деген анықтама берілген. Анықтама мазмұны біршама дұрыс жасалған. Тек анықтамаға Қазақстан Республикасының заңындағы «экстремистік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға шақыратын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын...» делінген сөйлем жетіспейді. Дегенмен, осы анықтаманың бір өзгешелігі «сот шешімімен экстремистік деп танылған» делінген сөйлемнің болуы жөн. Ал Ресей Федерациясының заңы мен Қырғыз Республикасының заңындағы «экстремистік материалдар» ұғымына берілген анықта-малар бір-біріне дәлме-дәл келеді. Тек Ресей Федерациясы заңындағы анықтамасында бар «... сонымен бірге Германия ұлттық-социалистік жұмысшы партиясы, Италия фашистік партиясы жетекшілерінің еңбектері...» делінген сөйлем, Қырғыз Республикасының заңындағы анықтама мәтінінде жоқ. Демек, Қырғыз Республикасының заңындағы анықтама, Ресей Федерациясының заңына негізделген деп түйіндеуге болады. Молдова Республикасының заңында жоғарыда аталған «экстремистік материалдар» деген ұғым негізгі ұғым ретінде қолданылмайды, дегенмен, 7-бапта «экстремистік сипаттағы материалдарды таратқаны және экстремистік іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін бұқаралық ақпараттар құралдардың жауапкершілігі» қарастырылады. Тәжікстан Республикасы заңының 3-бабында «экстремистік материалдар» деген ұғымға берілген анықтама мазмұны Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және «Экстремистік қарсы іс-қимыл туралы» Модельдік заңына ұқсас. Демек, Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы заңдарындағы «экстремистік материалдар» деген ұғымға берілген анықтамалар жақсы тұжырымдалған. Дегенмен, әлі толықтыратын, жетілдіретін тұстары бар.

Енді аталмыш мемлекеттердің заңдарында «экстремистік материалдарды таратумен күресу негіздерін» қарастырып өтеміз. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы экстремистік материалдарды таратумен күресу мәселелері көптен бері туындап

келеді. Әсіресе, діни экстремистік идеологиялық материалдардың таратылуына қарсы күресу мәселелері күрделі болып отыр. Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңының 12-бабында «Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желілері мен құралдарын экстремизмді жүзеге асыру үшін пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды басып шығаруға және таратуға тиым салынады» деген норма бекітілген. Бұл норма мәтіні үш қылмыс элементтерін көрсетеді. 1. Байланыс желілері мен құралдарын экстремизмді жүзеге асыру үшін пайдалану; 2. Экстремистік материалдарды басып шығару; 3. Экстремистік материалдарды тарату. Дегенмен, аталған бапта «Байланыс желілері мен құралдар» делінген ұғымның анықтамасы берілмеген, тіпті байланыс желілері мен құралдарына нелер жататындығы да белгіленбеген. Қазақстан Республикасының аталған заңының 12-бап мәтінінде «Қазақстан Республикасы аумағында таратылатын және экстремизм белгілері бар ақпараттық материалдарды прокурордың мәлімдемесі бойынша сот тыйым салу талабын мәлімдеген прокурор тұрған жер бойынша немесе мұндай материалдар табылған жер бойынша экстремистік деп танып, әкелуге, басып шығаруға және таратуға тиым салынады» делінген. Норма мәтініндегі «әкелуге» делінген сөз де айқындалып көрсетілуі тиіс. Себебі, экстремистік материалдарды қалайша және қайдан әкелінеді? деген сұрақ туындайды. Әрине, бұл жерде «Қазақстан Республикасы аумағында және шетел мемлекеттер аумағында басып шығарылған экстремистік материалдарды әкелуге және таратуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында басып шығаруға және таратуға тыйым алынады» делінсе ғана дұрыс. Бір жағынан діни экстремистік материалдар интернет жүйесінен алынып, таратылуына қарсы күресу, тіпті халықаралық деңгейде өзінің шешімін таппауда.

Енді осы мәселелер бойынша өзге мемлекеттердің заңнамаларын салыстырып өтейік. Қырғыз Республикасы заңының 8-бабында «Экстремистік іс-әрекеттерді жүзеге асыруды бұқаралық ақпараттық құралдар арқылы экстремистік материалдарды таратуға жібермеу туралы алдын ала ескерту», ал Ресей Федерациясы заңының 8-бабында болса «ескерту» делінген сөз қолданылады. Аталған екі заңнаманың жалпы мазмұны бір-біріне жақын, тек кейбір сөйлемдер ғана бөлек. Мысалы, Ресей Федерация заңында «ескерту белгіленген тәртіпте сотқа шағым жасалуы мүмкін» деген сөйлем,

Қырғыз Республикасының заңында жоқ, тек 13-бапта «экстремистік материалдарды тізіміне материалдарды қосу туралы шешімге шағым белгіленген тәртіпте сотта жасалуы мүмкін» делінген. Тәжікстан Республикасы заңының 9-бабы «Экстремистік іс-әрекетті ескерту» деп аталады. Бұл баптың атауы мен оның мазмұны бір-біріне сәйкес келмейді, яғни қарама қайшылықтар бар. Өйткені, Қылмыстық кодекстің немесе кез келген заңнаманың ескерту функциясы бар. Алайда, ескерту функциясы жалпы тұрғыдан жасалады. Іс жүзінде ескерту негізінен теріс қылықтар, яғни әкімшілік құқық бұзушылықтар орын алғанда қолданылады. Ондай ескертуді құқық қорғау органдар мен құзырлы органдар да жасай береді. Сондықтан ол баптың мазмұнын өзгерткен жөн. Себебі, аталған бапта «Тәжікстан Республикасында экстремистік іс-әрекеттерді ескерту мақсатында тыйым салынады» деген сөйлемнен басталып, тыйым салынған іс-әрекеттердің тізімі көрсетілген. Тізімде көрсетілген іс-әрекеттер немесе құқық бұзушылықтар тиісті нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Ал Молдова Республикасы заңының 3-бабының б) тармағындағы «қоғамдық және діни бірлестіктердің, бұқаралық ақпараттық құралдардың, өзге ұйымдардың және жеке тұлғалардың экстремистік іс-әрекеттерін анықтау, ескерту және жолын кесу» деген сөйлем жазылған.

Қазіргі таңда сот экспертизасы тәжірибесінде экстремистік материалдарды экстремистік деп тану мәселелері бар. Экстремистік материалдарды таратуға қатысты қылмыстарға, яғни экстремистік материалдарға қатысты сараптаманы жасаудың мынадай теориялық-әдістемелік және тәжірибелік мәселелері бар:

1. Теологиялық-құқықтық сараптаманың құқықтық негіздері мен тетіктері.
2. Теологиялық-құқықтық сараптаманың қағидаттары мен міндеттері.
3. Теологиялық-құқықтық сараптаманың пәні.
4. Теологиялық-құқықтық сараптаманың әдістері мен тәсілдері.
5. Сот сараптамасы тәжірибесіндегі кешенді сараптаманың теориялық-әдістемелік және тәжірибелік мәселелері.

Теологиялық-құқықтық сараптаманың құқықтық негіздері мен тетіктерінің болуы, әлбетте оның қалыптасуы мен дамуына өзіндік ықпалын тигізеді. Демек, басты құқықтық негізіне арнайы нормативтік-құқықтық заңның болуы жатады. Сондықтан да ТМД-ға қатысушы мемлекеттер қабылдаған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Модельдік заңына және ұлттық заңнамаларға жаңа норманы қосу қажет. Сондай-

ақ «Теологиялық-құқықтық сараптама туралы» заңын қабылдаған жөн.

Сонымен, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» модельді заңы мен ұлттық заңнамаларды салыстырмалы-құқықтық талдаулар жасап, келесі қорытындыны жасаймыз:

ТМД-на қатысушы мемлекеттердің «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» модельді заңы мен ұлттық заңнамалары салыстырмалы-құқықтық талдауда белгілі болғандай, негізгі ұғымдардың анықтамаларына қатысты заңды техникалық және филологиялық тұрғыдан кемшіліктері бар. Заңды техникалық басты кемшіліктері мыналар: негізгі ұғымдарға құқықтық анықтаманы жасау тәртібінің сақталмауы, яғни анықтамада негізгі ұғымның құқықтық мәні, объектісі, көлемі мен түйінінің болмауы. Мысалы, негізгі ұғым ретінде «діни экстремизмді» алайық. Бұл ұғымның құқықтық мәнін «діни экстремизмнің» негізгі белгілері білдіреді. Оның: 1) Құқықтық категориялық құбылыс ретінде болуы. 2) Құрылуының негізі. 3) Идеологиялық негізінің болуы. 4) Негізгі мақсатының болуы. 5) Қылмыстық тәсілдері мен құралдарының болуы. 6) Іс-әрекеттердің бағытталатын объектілері. 7) Сот шешімінің болуы. 8) Қылмыстың субъектілері. 9) Құқықтық зардаптардың болуы. Іс-әрекеттердің қылмыстық-құқықтық мәнін негізгі ұғымның объектілері айқындап береді. Негізгі ұғымның құқықтық мәнін білдіретін негізгі белгілері мен объектілері оның көлемін белгілеп береді. Олардың жалпы жиынтығының мазмұны оның түйінін білдіреді. Демек, осындай негіздерді дұрыс қолдану, анықтама құрылымының мазмұнын ашу, оның іс жүзінде қисынды қолданылуына оң ықпалын тигізеді деп есептейміз.

Ал филологиялық тұрғыдан кемшіліктер мыналар: белгілі заң немесе бап мәтінінде қолданылатын терминдер, сөздер мен сөйлемдердің дұрыс қолданылмауы, әсіресе олардың филологиялық мәні мен мағынасына назар аудармайды. Мысалы, «діни экстремизм», «діни бірлестік» делінген ұғымдар құқықтық мағынада қолданылады. «Діни фанатизм» деген сөз тіркесі, діни психологиялық мағына тұрғысынан қолданылады. «Діни кеңес» деген ұғым саяси және діни-әлеуметтік мағынада да қолданыла беріледі. Демек, жалпы, негізгі және арнайы ұғымдардың мән-мағынасына мұқият қарап қолдануды жөн деп есептейміз.

Қорытынды тұжырымды түйіндей келе, айтпақ ойымыз: ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» модельді заңы мен ұлттық заңнамалардағы жалпы, негізгі және арнайы ұғымдардың мән-мағынасына мұқият қарап қолдануды былайша өрбітуге болады. Біздіңше, ақиқатында «экстремизм» деген ұғым, жалпы абстракт мағынаны білдіреді. Сондықтан анықтама жасағанда негізгі нақты ұғым ретінде қолданылатын ұғымдарды, атап айтқанда, «саяси экстремизм», «ұлттық экстремизм», «діни экстремизм», «этникалық экстремизм» және «қылмыстық экстремизм» делінген ұғымдармен қамтылуы тиіс. Ал енді негізгі ұғымға анықтама жасалғанда жалпы ұғымның негізгі белгілері де ескеріледі. Арнайы ұғым жалпы мен негізгі ұғымға анықтама жасалғанда қолданылады. Анықтап айтатын болсақ, «экстремизм» мен «діни экстремизм» деген ұғымның анықтамасында арнайы ұғымдар мыналар: «ең шеткі көзқарас», «іс-әрекеттер», «экстремистік идеологиялық база», «өшпенділік», «араздық», дұшпандық, «қоздыру» және т.б.

---

1. Борьба с международным терроризмом: сб. документов / сост. К.А. Бекяшев, М.Р. Авясов; науч. ред. В.В. Устинов. – М., 2005. – С. 143-149.

2. *Агдарбеков Т.* Мемлекет пен құқық теориясының негізгі мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 235 б.

Федеральный закон «О противодействии экстремистской деятельности».

Закон Республики Беларусь «О противодействии экстремизму».

Закон Кыргызской Республики «О противодействии экстремистской деятельности».

Закон Республики Молдова «О противодействии экстремистской деятельности».

Закон Республики Таджикистан «О борьбе с экстремизмом».

Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңы. «Заң» республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журнал. – № 3. – 2005. – «Арай баспасы», 4-11 б.

Модельный закон о противодействии экстремизму.

3. *Борисов С.В.* Квалификация преступлений экстремистской направленности: учеб. пособие / С.В. Борисов, А.В. Жеребченко; отв. ред. и предисл. – засл. деят. науки РФ, д-р юрид. наук, проф. Н.И. Ветров. – М.: Волтерс Клувер, 2011. – 304 с.

\*\*\*

В данной статье анализируются нормативные правовые акты некоторых участников СНГ «О противодействии экстремизму».

\*\*\*

This article analyzes the regulations of some CIS member states on countering extremism. “